

МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН СЕГОДНЯ В РЕЖИМЕ РЕАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ ПОЛУЧАЕТ ИНФОРМАЦИЮ О СОСТОЯНИИ ВСЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ И ВИДИТ, ГДЕ И В КАКОМ ОБЪЕМЕ ФОРМИРУЕТСЯ ГРУЗОВАЯ БАЗА. НАПРИМЕР, ДЛЯ СЕВЕРНЫХ РЕГИОНОВ ОСНОВНЫМ ГРУЗОМ ЯВЛЯЕТСЯ ЗЕРНО. МЫ МОЖЕМ ОТСЛЕЖИВАТЬ ОБЪЕМЫ ГРУЗОВ, НАЛИЧИЕ И ПОПОЛНЕНИЕ ВАГОНОВ, А ТАКЖЕ ОЦЕНИВАТЬ ВОЗМОЖНОСТЬ ИХ ДАЛЬНЕЙШЕГО НАПРАВЛЕНИЯ. ЭТО ПОЗВОЛЯЕТ ЗАРАНЕЕ ВИДЕТЬ ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ ОГРАНИЧЕНИЯ И ПРИНИМАТЬ НЕОБХОДИМЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕСПЕРЕБОЙНЫХ ПЕРЕВОЗОК.

Дамир КОЖАХМЕТОВ,
вице-министр транспорта РК



№69 (3216)
01/09/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ЦИФРЛАНДЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Елжас Отыншиев Huawei компаниясының Корпоративтік сату жөніндегі аға вице-президенті Лео Ченмен кездесу өткізді. Тараптар ағымдағы өзара іс-қимылды қорытындылады және Қазақстанның теміржол инфрақұрылымын одан әрі технологиялық жаңғырту жөніндегі стратегиялық жоспарларды белгіледі.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Келіссөздер барысында ҚТЖ логистикалық процестерінің қауіпсіздігін, сенімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған озық цифрлық шешімдерді енгізуге басты назар аударылды. Атап айтқанда, кездесуге қатысушылар бірнеше жобаны егжей-тегжейлі талқылады. Соның ішінде LTE-R байланыс желісін өрістету: теміржол көлігі үшін деректерді үздіксіз беруді және пойыздар қозғалысын сапалы үйлестіруді қамтамасыз ететін сымсыз технологиялық байланыстың мамандандырылған стандартын енгізу.

Сондай-ақ Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) құру: анали-



тикалық жүйелер мен жасанды интеллекттің жұмысын қамтамасыз ету үшін Huawei жетілдірілген есептеу карталарын біріктіруді

қоса алғанда, деректерді сақтау мен өңдеудің жоғары технологиялық инфрақұрылымын салу талқыланды. Сонымен қатар Интеллектуалды

басқару орталығын (ИБО): нақты уақыт режимінде кешенді мониторинг, технологиялық процестерді визуализациялау және теміржол желісін жедел басқару үшін ахуалдық орталықты орналастыруды іске қосу туралы да сөз болды. Тараптар киберқауіпсіздікті күшейтуді, соның ішінде ҚТЖ-ның маңызды цифрлық инфрақұрылымын заманауи ақпараттық қатерлерден қорғау үшін арнайы киберқауіпсіздік орталығын құруды да талқылады. Кездесу барысында Huawei-мен стратегиялық әріптестік ҚТЖ-ға компанияның өңірдің жетекші цифрлық логистикалық операторына айналуын жеделдеті отырып, үздік әлемдік тәжірибелер мен инновацияларды енгізуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

ВСТРЕЧА ҚТЖ И КОМИССИИ ЧУНЦИНА



В Астане состоялась встреча руководства КТЖ Express с Комиссией по торговле города Чунцина (КНР), посвященная развитию транспортно-логистического сотрудничества и расширению международных мультимодальных перевозок.



Стороны обсудили перспективы развития мультимодальных перевозок между Казахстаном, Китаем и странами Юго-Восточной Азии, возможности формирования новых логистических сервисов, привлечения дополнительных грузопотоков, а также координации взаимодействия между участниками перевозочного процесса.

Чунцин является одним из крупнейших транспортно-логистических узлов западного Китая и операционным центром Нового международного сухопутно-морского торгового коридора, обеспечивающего развитие транспортных связей между западными регионами Китая и странами Юго-Восточной Азии. Транспортные мощности Нового сухопутно-морского коридора к концу прошлого года превысили один миллион ДФЭ, а объем перевезенных грузов достиг 327,7 тысячи ДФЭ за 2025 год. Сегодня сеть коридора охватывает 584 порта в 127 странах и регионах мира. Данный потенциал создает дополнительные возможности для развития мультимодальных сервисов с участием Казахстана.

Особое внимание в ходе встречи уделено возможностям интеграции маршрутов через Казахстан с Новым международным сухопутно-морским торговым коридором, что создает предпосылки для развития сквозных мультимодальных решений.

По итогам встречи ҚТЖ и Комиссия по торговле города Чунцина подтвердили взаимную заинтересованность в дальнейшем развитии сотрудничества и проработке перспективных маршрутов.

Асель ШАЙХЫНОВА

КӨРМЕ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ



Астанада 14-16 қазан аралығында «Translogistica Kazakhstan 2026» халықаралық «Көлік және логистика» көрмесі өтеді. Дәстүрлі түрде Қазақстан көлік апталығы аясында өтетін дәстүрлі көрмеге көлік-логистика қауымдастығының өкілдері, жүк тасымалдаушылар, экспедиторлық компаниялар қатысады деп күтілуде.

Қазақстан көлік апталығы мен TransLogistica Kazakhstan көрмесі жыл сайын Алматы мен Астана қалаларында кезекпен өткізіледі. Биыл Қазақстанның астанасы қабылдайды. Көрменің Астанада өткізілуі мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, салалық қауымдастықтар мен халықаралық серіктестер өкілдерінің белсенді қатысуына ықпал етеді, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы мен халықаралық көлік дәліздерін дамыту мәселелерін талқылау үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Қазіргі уақытта келушілерді тіркеу басталды, ал бизнестің қатысуға деген қызығушылығы көрме алаңдарына деген жоғары сұраныспен расталуда: экспозицияның 80%-дан астамы брондалған, сонымен қатар стендпен қатысуға өтінімдер қабылдау жалғасуда.

Көрмеге ресми қолдауды Көлік министрлігі, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, KAZLOGISTICS Қазақстан көлікшілер одағы, Қазақстан тасымалдаушылар және вагон операторлары қауымдастығы, сондай-ақ Ұлттық экспедиторлар қауымдастығы көрсетеді. TransLogistica Kazakhstan 2026 көрмесін қазақстандық Itesa және «Атакент-Экспо» көрме компаниялары халықаралық серіктес – ICA Events компаниялар тобымен бірлесіп ұйымдастырады.

Ұлан ОРАЗ



Айбек АҚЖІГІТ,
Ақтөбе электрмен жабдықтау
дистанциясы бастығының
орынбасары:

АҚТӨБЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ДИСТАНЦИЯСЫ ЖЕТІ АЙДА 583 ШАҚЫРЫМ ӘУЕ ЖЕЛІСІН ЖӨНДЕДІ. ЖОСПАР 20,7 ПАЙЫЗҒА АРТТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛДЫ. ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІҮШІН ТІРЕКТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ІРГЕТАСТАРЫНА ДА ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНУДЕ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ 60 ТЕМІР-БЕТОН ТІРЕК АУЫСТЫРЫЛЫП, 18 ТІРЕКТІҢ ІРГЕТАСЫ КҮШЕЙТІЛДІ. ТӨМЕН КЕРНЕУЛІ ӘУЕ ЖЕЛІЛЕРІНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ БОЙЫНША ДА ЖОСПАР АРТТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛДЫ. ЖЕТІ АЙДА 8 ШАҚЫРЫМ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНД, НАҚТЫ КӨРСЕТКІШ 10 ШАҚЫРЫМ БОЛДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АСТАНАДАҒЫ ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫНАН

700-ші

ЛОКОМОТИВ ШЫҒАРЫЛДЫ.

БИЫЛҒЫ ЖЕТІ АЙДА ҚТЖ ЖЕЛІСІМЕН

8,1 млн

ТОННАДАН АСТАМ АСТЫҚ ТАСЫМАЛДАНДЫ.

«ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫ» ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН БЕРІ ОНЫ

946

МЫҢНАН АСТАМ ЖОЛАУШЫ ПАЙДАЛАНДЫ.

Проект

ВОКЗАЛ, КОТОРЫЙ ЖДАЛИ

Вокзал Оскемен-1 после реконструкции вновь принимает пассажиров. Торжественное открытие состоялось 31 августа: несмотря на дождь и пасмурную погоду, на площади перед вокзалом с самого утра было оживленно. Здесь собрались железнодорожники, ветераны отрасли, строители, представители СМИ и десятки жителей города.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Гостей встречали у обновленного здания вокзала. Здесь собрались те, кто непосредственно участвовал в его реконструкции, железнодорожники и ветераны отрасли.

В торжественном мероприятии приняли участие председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жақупов, аким Восточно-Казахстанской области Нұрымбет Сақтаганов, председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Елжас Отыншиев, ветераны железнодорожной отрасли Александр Степура и председатель совета ветеранов Қырықбай Алсейтов.

Реконструкция вокзала проведена в рамках программы обновления железнодорожных вокзалов страны по поручению Главы государства. Проект реализован за счет собственных средств АО «НК «Қазақстан темір жолы» при поддержке Правительства Республики Казахстан, Министерства



транспорта, АО «Самрук-Қазына» и акимата Восточно-Казахстанской области.

— Можно сказать, что здесь построен новый вокзал, — отметил аким Восточно-Казахстанской области Нұрымбет Сақтаганов. — Обновлены сети, инфраструктура, за это хотелось бы поблагодарить фонд «Самрук-Қазына», АО «НК «ҚТЖ». Новый вокзал станет центром притяжения. Его обновление имеет большое значение не только для пассажирской инфраструктуры, но и для развития регионов.

В области уже после реконструкции

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТТІ

Достық және Алашанқай станцияларында Қазақстан мен Қытайдың шекаралық теміржол станцияларында ІІІ Халықаралық кәсіби шеберлік байқауы өтіп, екі елдің үздік теміржолшылары сайысқа түсті.

Бүгінде Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол қатынасы жүк тасымалы көлемінің тұрақты өсуін көрсетіп отыр. Шекаралық өткелдер жүктердің транзитін қамтамасыз ете отырып, тәулік бойы жұмыс істейді. Алайда, миллиондаған тонналар мен пойыздар қозғалысының қатаң кестесінің артында әрдайым адам факторы – күн сайын екі ірі көлік жүйесінің түйісуін қамтамасыз ететін теміржолшылардың кәсібилігі тұр.

Дәл осы екі жақты байланыстарды нығайту, озық тәжірибе алмасу және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында Достық станциясының заманауи терминалының аумағында кәсіби шеберлік байқауы ұйымдастырылды. Іс-шара жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, нығайып келе жатқан трансшекаралық серіктестіктің жарқын дәлелі болды.

Жарыстың ауқымы мен маңыздылығын делегациялар құрамы ерекше атап өтті. Екі елдің беделді салалары мен кәсіподақ көшбасшылары қатысушылардың дайындық деңгейін бағалауға келді. Қазақстандық делегацияны «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы

Оразғали Ахметбаев басқарды. Достық станциясында Қытай тарапының атынан ҚХР теміржолшылар кәсіподағының төрағасы – «Үрімші темір жолы» ЖШҚ бас директорының орынбасары Лю Ань мырза, ал Алашанқай станциясында ҚХР делегациясын Бүкілқытайлық теміржолшылар кәсіподағы федерациясының төрағасы Чэн Сяньдунь мырза басқарды, сондай-ақ «Үрімші темір жолы» ЖШҚ Басқарма төрағасы Гао Цзянь мырза қатысты. Сондай-ақ қызметі шекара маңы инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты жетекші сарапшылар, тағы басқа құрметті қонақтар келді.

Жалпы байқауға Алтынкөл, Достық және Қорғас, Алашанқай станцияларының өкілдері қатысты. Қазақстандық теміржолшылар мектебін халықаралық аренада өз ісінің мойындалған шеберлері – шекаралас негізгі тораптар: Достық және Алтынкөл станцияларының намысын қорғайтын өндіріс озаттары таныстырды. Конкурстық бағдарлама шекара маңы жұмысының ең жауапты және технологиялық күрделі бағытта-



рындағы мамандардың практикалық дағдылары мен теориялық дағдыларын барынша объективті бағалайтындай етіп жасалды. Олар – пойыз құрастырушылар мен вагон қараушы-жөндеушілер, тек шекаралық станцияларда еңбек ететін, терминалдарда көп тонналы ауыр тиеу техникаларды басқаратын мамандар, т.т.

Үздік атақ үшін күрес үш негізгі номинация бойынша өрістеді. Жарысқа қатысушылардың барлығы өз мамандықтары бойынша терең кәсіби білімдерін, практикалық тәжірибелері мен біліктіліктерін көрсетті. Күрделі кәсіби тапсырмаларды орындай отырып, екі елдің теміржолшылары даярлықтың мінсіз деңгейін көрсетті.

Фото автора

— Бұл халықаралық байқау Қазақстан мен Қытай теміржолшылары арасында мықты тәжірибе алмасу, өзара ынтымақтастықты нығайту және серіктестік байланыстарды сапалы жаңа деңгейге шығару алаңына айналды, — деп атап өтті Оразғали Ахметбаев.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен жүлдегерлер анықталып, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Пойыз құрастырушылар қатарында Дидар Әскер (Алтынкөл), Бағлан Сағанаев (Достық), Ерқанат Қуандықов (Алтынкөл) және Абылай Мұратов (Достық) кәсіпке деген шынайы адалдық пен шеберліктің үздік үлгісін көрсетті. Вагондарды тексерушілер Амангелді Дүтбаев (Алтынкөл), Ерлан Жанболысов (Достық), Нұрмұхамбет Қасымхан (Алтынкөл) және Еділ Жұмабаев (Достық), краншылар Диас Базарбаев (Достық) пен Рүстем Омаров (Алтынкөл), ауыр техника жүргізушілері Медет Жиентаев (Алтынкөл) пен Бағлан Сүйінішов (Достық) халықаралық байқаудың лайықты жүлдегерлері қатарынан көрініп, мерейі үстем болды.

— Байқау Қазақстан мен Қытай теміржолшылары арасындағы кәсіби байланыстардың маңыздылығын ғана емес, сондай-ақ достықтың, өзара сенімнің және берік ұзақ мерзімді серіктестіктің мызғымас құндылығын тағы да айқын дәлелдеді, — деп қорытындылады Оразғали Ахметбаев.

Жәнібек КЕРЕЙ

Инфрақұрылым

ЖОЛШЫЛАР
ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІК

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Сексеуіл жол дистанциясы – Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімі пайдалануға берілген жылы іргетасы қаланған ең жас ұжым. Дегенмен, жолшылар ұжымының бүгінгі өндірістік жұмыс көрсеткіштері көрсе көз тоярлық деңгейде.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Сексеуіл



Мұрат Байділдаев басқаратын Сексеуіл жол дистанциясының ұжымы үшін ағымдағы жылдың алғашқы 7 айы елеулі жетістіктерге, ауқымды жаңғыртулар мен нақты нәтижелерге толы болды. Жол сапасының балдық көрсеткішін 130 пайызға жеткізіп, болат рельстердің беріктігі артып, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі жаңа деңгейге көтерілді.

Мәселен, өткен шілде айында атқарылған сапалы жұмыстарға шолу жасайтын болсақ, Сексеуіл-Қоскөл жаңа теліміндегі 50 шақырым болатын 25 метрлік бунақты релстер толығымен заманауи түйіспесіз жолға ауыстырылды. Бұл қозғалыс жылдамдығын арттырып, құрамдардың жайлы жүрісін қамтамасыз етеді. Сексеуіл станциясының жолдарында 2 984 ағаш шпал темірбетонға ауыстырылды. Жоспарланған 21 бағыттамалы бұрманың 13-і темірбетон білеулерге ауыстырылып, қалған 8 жинақты қазан айына дейін орнату жұмыстары қарқынды жүруде. Сонымен қатар үздіксіз жүргізілген профилактикалық шаралардың арқасында қараусыз малға байланысты шұғыл тежеу 36,8 пайызға, ал мал басу оқиғалары 71,4 пайызға азайған.

Дистанция жолының технологиялық талапқа сай болуының бір белгісі балдық бағалау көрсеткіште жатыр. Сексеуілде ол 56 балдық жоспар орнына 43 балды құрап, меже 130 пайызға артығымен орындалуы сапаны айқындаса керек.

Бұл жеңістердің артында әрине қарапайым еңбек адамдарының маңдай тері тұр. Дистанция көрсеткіштерінің көтеріңкі болуына №3 айналымның жол шебері Болат Балмашов, №9 айналымның жол шебері-бригадирі Серік Бақбергенов, №3 өндірістік телім бастығы Леонард Жұбаниязов, №17 айналымның 6-разрядты жол жөндеушісі Таңат Махамбетов, көлік жүргізушісі Рамазан Нұрбаев, сондай-ақ өндірістік-техникалық бөлімнің жетекші мамандары Ғалымжан Жетесов пен Дәуіржан Сағитжанов сынды азаматтар әріптестеріне үлгі болумен қатар өз істерінің шебері екенін дәлелдеп жүрген нағыз жолшылар саналады.

– Осы 7 айдың ішінде жеткен әрбір оң нәтиже мен жоғары көрсеткіш, ең бастысы қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі – ортақ еңбек жемісі. Барша әріптестеріме, әсіресе өндірістік жоспарды сапалы әрі уақытылы орындауға атсалысқан үздік телімдерге алғысымды білдіремін. Ауа райының қандай да бір қолайсыздығына қарамастан жауапкершілік арқалаған біздің ұжымның әрбір мүшесі осы жеті айда жеткен жетістікке өз үлесін қосты деп айта аламын, – дейді дистанция бастығы Мұрат Байділдаев.

Суретті түсірген автор

ТИІМДІ ЖӘНЕ ҮНЕМДІ ЖҮЙЕ



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Айталық, 2024-2025 жылдары Тараз – Жаңатас учаскесінде төрт бірдей станцияда резервтік қуат көзі – дизельдік генераторлар орнатылды. Ал Тараз – Түлкібас, Тараз – Жаңатас, Тараз – Шу бағытындағы бес станцияға 2024 жылы арнайы электротехникалық құрылғы – панельдік қуаттандырығыш іске қосылған болатын. Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Нұрғали Терлікбаевтың айтуынша, жаңа жүйе екі жылдың ішінде тиімділігін айқын көрсеткен.

– Бұл – отандық өнім. Қарағандының Саран қаласынан шығады. 2024 жылы Боранды, Құмшағал, Қаратау, Үшбұлақ, Аса станцияларына қойдық. Өндірушілер өз мамандарын жіберіп, қалай орнатқылатынын көрсетті. Біздің электромеханиктерді оқытып, үйретті. Бұған дейін аталған станцияларда сонау жетпісінші жылдары қойылған аналогтық жүйе жұмыс істеп тұрған. Ал жаңа құрылғы теміржол автоматикасы, телемеханика және байланыс (СОБ) жүйелерін қауіпсіз және тұрақты электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етіп отырады. Бір сөзбен айтқанда, тұтас бір схема, белгі беру және байланыс жүйесінің «жүрегі» деуге болады.

Кіріс панельдері (PV): сыртқы электр желілерінен ток қабылдаса, қасындағы қосымша құрылғы



оны қажетті нүктелерге бөліп таратады. Барлық жүйе автоматтандырылған, тіпті жабдықты тоқтың көп келуінен, яғни жоғары кернеуден қорғайды. Цифрлық жүйенің қай жерде қандай ақау болғанын жазып, дисплейде сақтап қалатын артықшылығы бар. Бұрын мысалы түн ішінде бір учаскеде жүйе тоқтап қалса, оның себебін анықтап, тексеруге көп уақыт кететін. Қазір оны автоматты түрде дисплейден дәл қай уақытта істен шыққанын, неден болғанын көре аламыз, – деді дистанция бастығы.

Айтуынша, биыл да Түрксіб, Тараз станцияларына тағы осындай 4-5 жаңа құрылғы беріледі деген жоспар бар. Инвестициялық жоба болғандықтан, құрылғыны биыл алса, орнатып, іске қосу келесі жылдың еншісінде.

Ал дизельдік генераторлар, бұл – учаскелерге қойылатын қосымша резервтік қуаттандырығыш құралдар. Тараз – Жаңатас аралығы жел жиі тұратын дауыл-

ды аймақ саналады. Әсіресе құз таратады. Барлық боранды күндер көп. Желдің салдарынан негізгі құрылғы өшіп қалуы мүмкін. Сондықтан дистанциялықтар жаңа құрылғыларды осы бағыттағы төрт станцияға – Ақтаутас, Шабақты, Табақбұлақ, Бұрылға қойған.

Жалпы, дистанция Түлкібас станциясынан бастап, Қорағаты – Тәтті өтпеліне дейін, мына шеті Тараздан Жаңатас станциясына дейін, жалпы 525 шақырымнан астам аумақта қызмет көрсетеді. Дистанцияға қарасты бекеттерді модернизациялау жұмыстары соңғы жылдарды цифрлық жүйеге көшіруге ұласқан. Барлық станцияларда белгі беру және байланыс беру жүйесінің аналогтық құрылғысының орнына ОТС цифрлық жедел технологиялық байланысы орнатылған. Түлкібас – Тараз – Шу учаскесі «НЕМАН», Тараз – Жаңатас учаскесі «МП АСДЦ» микро-процессорлық диспетчерлік

орталықтандыруға көшірілген.

Ал Тараз – Жаңатас учаскесінде ОТС KS-MS (КАПШ) жедел технологиялық байланыс іске қосылған. Түлкібас – Тараз учаскесі SI-3000 «Iskratel» ОТС-пен, ал Тараз – Шу ОТС учаскесі DX-500 құрылғысымен жабдықталған.

– Кластан тыс Тараз және Түрксіб станциялары бойынша желілік аппараттық (ЛАЗ) залдарына K-60 канал құраушы жабдықтарының орнына RS-3000-15 raisecom сандық жабдықтары қолданысқа енгізілді. 2024-2026 жылдары дистанция қызметкерлері шаруашылық тәсілмен Жұма және Тамды станцияларына дауыстап хабарлау паркіннің құрылысын жүргізді. Күзетілетін 31 теміржол өткелінің 26-сында машинистің өткел бойынша кезекшімен келіссөздері үшін 43-РТС үлгісіндегі пойыздық радиостанция орнатылды. Жалпы Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясын бір мезгілде жедел технологиялық байланыстың үш түрін пайдаланатын бірнеше дистанцияның бірі екенін атап өту керек, – деп түсіндірді дистанция бастығы.

Дистанцияға қарасты Түлкібас – Тараз, Тараз – Шу, Тараз – Жаңатас учаскелерінде түгелдей 30 станция – электрлік орталықтандыру, диспетчерлік орталықтандыру учаскелерін қосқанда 280,128 шақырым тұтас автобloquentау жүйесімен жабдықталып, 695 бұрма пайдаланылуда. Ал сұрыптау құрылғысымен жабдықталған механикаландырылған төбе тек Тараз станциясында бар.

Көріп отырғанымыздай, теміржол саласында белгі беру және байланыс дистанцияларының қызмет ауқымы кең. Демек, дистанция жұмысы жүйелі жүрсе, пойыздардың да қозғалысы қауіпсіз.

Суреттерді түсірген автор

Заң мен тәртіп

БҮКІЛ АЙМАҚТЫ ҚАМТЫДЫ

Биылғы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы кезекті республикалық «Қауіпсіз өткел» профилактикалық акциясын Қызылорда жол дистанциясының теміржолшылары Тереңөзек станциясы маңындағы өткелде өткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда-Тереңөзек

Тереңөзек станциясы аумағындағы 2770 шақырымда орналасқан өткелден сағатына 50 шақты автокөлік өтеді. Тереңөзек аудан орталығы болғандықтан орталыққа қатынайтын аудан көлеміндегі автокөліктер, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдаған жүк тасыған ауыр машиналардың бәрі осы өткелден өтеді. Сондықтан мұндағы қозғалыс тәулік бойы бір тынбайды.

– Қауіпсіздік акциясы бойынша бұған дейін де Бәйгеқұм, Бесарық, Шорнақ станцияларының теміржол өткелдерінде рейд өтіп, автожүргізушілерге теміржолдың қауіп-қатерлі аймақ екені, соған байланысты өткелден өту кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді. Өткелден өту қағидаларымен танысқаны жайлы арнайы журналға тіркелді. Бір сағат ішінде өткелден өткен автокөлік иелері мен тұрғындарға жол қозғалысы қағидаларын

бұзған жағдайда заң алдында жауапқа тартылатыны ескеріліп, жадынамалар, ақпараттық үзінділер таратылды. Ал бүгін Тереңөзекте жалғасып жатыр, – деді Қызылорда жол дистанциясының бас инженері Ахметқали Елеусінов.

Сонымен қатар бұған дейін Қазалы жол дистанциясының теміржолшылары Қазалы станциясындағы өткелде, Қамбаш – Шөміш станциялары арасындағы телімнің 2445 және 2593 шақырымдағы Төретам – Ақжар бекеттері маңындағы теміржол өткелдерінде аталған акцияны жалғастырып, рейд өткізген болатын.

– Қазалы жол дистанциясының теміржолшылары арнайы мамандармен бірге 26 тамызда Қамбаш (Қамыстыбас) станциясында, Төретам станциясында 27 тамызда және Жосалы станциясында 28 тамыз күні рейд өткізді. Жүргізушілерге теміржол өткелінен өту кезіндегі сақтық талаптары, ал тұрғындарға белгіленген орындардан өту керек екендігі түсіндірілді. Аталған



станциялардағы теміржол өткелдері тұрғындар тығыз қоныстанған, негізінен аудан орталықтарында орналасқан. Сондықтан бұл өткелдерден тәулік бойы автокөліктер қозғалысы үзілмейді. Жалпы пойыз бен көлік қозғалысы қиылысатын теміржол өткелі аса қауіпті аймақ саналады. Тұрғындарды қауіпті аймақта қауіпсіздік талаптарына аса мән беріп, сақ болуға шақырамыз. Әрбір автокөлік иесі өткелден өтер кезде өткел кезекшісінің әрекетіне бағынуы тиіс, – дейді Қазалы жол дистанциясының бас инженері Сырлан Сұлтамұратов.

Жалпы, республика көлемінде өткізіліп жатқан «Қауіпсіз өткел» акциясы бөлімшенің онтүстігіндегі Бәйгеқұм теміржол өткелінде басталып, аймақтың солтүстігіндегі Сексеуіл, Арал теңізі станциялары маңындағы өткелдерде өтті, сосын қайтадан онтүстік телімдерге ойысып, Шорнақ станциясында жалғасып, бүгін міне Тереңөзек станциясында мәреге жетіп, бүкіл аймақты қамтыды.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «КТZ Express» АҚ) «КТZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2024 жылғы 18 қыркүйекте 10:00 сағатта (Астана уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 12 маусымдағы шешімімен бекітілген талап етілмеген өтімді және өтімді емес тауар-материалдық қорларды басқару жөніндегі әдістеме №02/19 хаттама №10 сұрақ және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны арттыру аукционына мына нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Бастапқы баға	Бастапқы баға	Кепілдік жарна
1	КАМАЗ ершікті тартқышы	1	10 466 667	10 466 667	1 570 000
2	ППК ЭРДТ контейнер тасымалдауға арналған жартылай тіркемесі	1	6 020 000	6 020 000	903 000

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес ны-

сан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны арттыру әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК:

HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күні-

нен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез-келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «КТZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («КТZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев,10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов қ., 16-й, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.

Интервью

СВОЕВРЕМЕННЫЕ ПЕРЕВОЗКИ – ОСНОВА ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ

Перевозка угля остается одной из важнейших задач железнодорожной отрасли, особенно в преддверии отопительного сезона. От своевременной доставки топлива зависит стабильная работа теплоэлектроцентралей, коммунальных предприятий и обеспечение населения. О том, как АО «Қазтеміртранс» справилось с перевозками в прошедшем сезоне, какие меры уже принимаются для подготовки к новой зиме и как компания готовится к росту спроса на энергетический уголь, рассказал генеральный директор АО «Қазтеміртранс» Александр Ширяев.

– Каковы итоги перевозок угля в прошедшем отопительном сезоне? Как вы оцениваете результаты и в чем были его особенности?

– По итогам отопительного сезона 2025-2026 годов АО «Қазтеміртранс» оценивает результаты перевозок угля как успешные.

За отопительный сезон по территории Республики Казахстан перевезено свыше 28,2 миллиона тонн угля. Из этого объема 20,4 миллиона тонн направлено для нужд теплоэлектроцентралей, 7,8 миллиона тонн – для коммунально-бытового сектора и промышленных предприятий.

Отопительный сезон прошел в штатном режиме. Обеспечение грузоотправителей подвижным составом осуществлялось своевременно, в соответствии с заявками и потребностями рынка.

Особенностью сезона стало сохранение стабильного спроса на перевозки угля, прежде всего в адрес ТЭЦ и коммунально-бытового сектора. Благодаря своевременной организации перевозочного процесса, тесной координации с участниками рынка и обеспечению необходимого количества вагонов компания успешно выполнила задачи по перевозке этого социально значимого груза.

– Каковы сегодня основные экспортные маршруты перевозки казахстанского угля? Наблюдаются ли изменения в объемах перевозок?

– Основными направлениями экспорта казахстанского угля традиционно остаются Российская Федерация и страны Центральной Азии.

Через территорию России перевозки осуществляются в направлении морских портов Лужская, Тамань (станция Вышестеблиевская) и Выборг, обеспечивающих дальнейший выход продукции на мировые рынки. Среднемесячный объем перевозок по этому направлению составляет порядка 4,5 тысячи вагоноотправок.

В направлении Узбекистана, Кыргызстана и Таджикистана среднемесячный объем составляет около 750 вагоноотправок.

Наибольшая доля экспортных перевозок традиционно приходится именно на Российскую Федерацию и страны Центральной Азии. При этом объемы ежегодно корректируются в зависимости от рыночной конъюнктуры, по-



требностей потребителей, сезонности, логистических условий и пропускной способности железнодорожной инфраструктуры.

В последние годы наблюдается постепенное перераспределение экспортных потоков с ростом интереса к альтернативным маршрутам, включая Китай и страны Центральной Азии. АО «Қазтеміртранс» обеспечивает необходимый парк полувагонов и совместно с АО «НК «ҚТЖ» принимает меры для своевременного удовлетворения спроса по всем ключевым экспортным направлениям.

– С какими основными вызовами сталкивается компания в период пиковых перевозок угля?

– Основные вызовы приходятся на период максимальной нагрузки отопительного сезона, когда одновременно возрастает спрос со стороны ТЭЦ, коммунально-бытового сектора и населения.

В это время особенно важно обеспечить своевременную подачу подвижного состава, равномерную погрузку на угольных разрезах и эффективное распределение полувагонов по направлениям.

Чтобы избежать накопления заявок и неравномерности погрузки, АО «Қазтеміртранс» заранее проводит подготовительную работу совместно с АО «НК «ҚТЖ», государственными органами, грузоотправителями и грузополучателями. Планирование начинается заблаговременно, что позволяет определить потребность в вагонах, рационально распределить парк и обеспечить бесперебойную перевозку социально значимого груза.

Особое внимание уделяется технической готовности вагонов. Своевременный ремонт, поддержание исправного состояния подвижного состава и эффективная координация всех участников перевозочного процесса являются ключевыми условиями стабильной работы.

– Какие меры, на ваш взгляд, позволяют повы-

сить эффективность перевозок угля?

– Повышение эффективности возможно только при комплексной и скоординированной работе всех участников перевозочного процесса.

Прежде всего необходимо обеспечить долгосрочное планирование объемов перевозок и своевременный обмен информацией между грузоотправителями, перевозчиком, оператором вагонов и грузополучателями. Это позволит заранее распределять парк полувагонов и минимизировать риски дефицита подвижного состава в пиковые периоды.

Не менее важны ритмичная погрузка и выгрузка, сокращение простоев вагонов, максимальное использование маршрутных отправок и оперативное регулирование вагонопотоков с учетом изменения спроса.

Именно слаженное взаимодействие всех участников логистической цепочки позволяет повысить обрабатываемость вагонов, обеспечить устойчивость перевозочного процесса и своевременно удовлетворять потребности потребителей.

– Хватает ли компании парка полувагонов в период максимальных перевозок?

– Сегодня АО «Қазтеміртранс» полностью обеспечивает потребность в подвижном составе. Дефицита полувагонов для перевозки угля не наблюдается.

Безусловно, в пиковый сезон нагрузка на парк возрастает. Поэтому мы заранее планируем перевозки, распределяем полувагоны по приоритетным направлениям и обеспечиваем их техническую готовность. Это позволяет своевременно выполнять заявки грузоотправителей и обеспечивать стабильность перевозочного процесса.

– Какие мероприятия уже проводятся в рамках подготовки к отопительному сезону 2026-2027 годов?

– Компания реализует комплекс организационных и технических мероприятий, направленных на обеспечение бесперебойной работы вагонного парка.

Для поддержания подвижного состава в технически исправном состоянии проведены необходимые закупочные процедуры и заключены договоры с ремонтными предприятиями на 2026-2027 годы.

В этот период планируется выполнить ремонт свыше

28 тысяч вагонов, что позволит обеспечить высокий уровень технической готовности парка к перевозкам в осенне-зимний период.

– Как ведется работа по обновлению вагонного парка?

– Обновление парка осуществляется на системной основе. Мы уделяем внимание как приобретению нового подвижного состава, так и поддержанию технической готовности действующего.

В 2023-2025 годах компания приобрела 3 тысячи полувагонов отечественного производства у ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания». Они уже используются для перевозки угля, строительных материалов и других массовых грузов.

Параллельно продолжается выполнение плановых и текущих ремонтов, что позволяет поддерживать высокую надежность подвижного состава и обеспечивать выполнение заявок грузоотправителей даже в периоды максимальной нагрузки.

– Национальный проект «Развитие угольной генерации» предусматривает рост спроса на энергетический уголь. Какие риски вы видите и как компания к ним готовится?

– Рост спроса на энергетический уголь потребует высокой скоординированности всей перевозочной системы: железнодорожной инфраструктуры, локомотивной тяги, вагонного парка, а также станций погрузки и выгрузки.

Основные риски могут быть связаны с ограничениями пропускной способности отдельных направлений, увеличением оборота вагонов и дополнительной нагрузкой на наиболее востребованные участки сети.

Для минимизации этих рисков необходимы заблаговременное планирование перевозок, равномерное распределение объемов, своевременная подготовка подвижного состава и эффективное взаимодействие всех участников процесса.

Для АО «Қазтеміртранс» рост перевозок означает повышение операционной ответственности. Поэтому компания продолжит обновление парка, поддержание технической исправности вагонов и повышение эффективности их использования.

– В чем заключается главная роль АО «Қазтеміртранс» в обеспечении

энергетической устойчивости страны?

– Главная роль компании заключается в своевременном предоставлении подвижного состава для перевозки социально значимых грузов, прежде всего угля для теплоэлектроцентралей, коммунально-бытового сектора и населения.

Стабильная работа вагонного парка напрямую влияет на прохождение отопительного сезона, бесперебойную работу энергоисточников и обеспечение регионов необходимыми объемами топлива. В этой связи АО «Қазтеміртранс» выполняет важную функцию в общей системе энергетической безопасности Казахстана.

– Что бы вы хотели сказать партнерам, грузоотправителям и потребителям угля в преддверии нового сезона?

– Прежде всего хочу призвать всех участников перевозочного процесса к ответственному и своевременному взаимодействию. Важно заранее формировать потребность в перевозках, соблюдать согласованные графики отгрузки и обеспечивать готовность к приему груза.

Со своей стороны, АО «Қазтеміртранс» готово обеспечить необходимый уровень технической готовности вагонного парка и открыто к оперативному взаимодействию со всеми партнерами. Успешное прохождение сезона зависит от общей дисциплины, прозрачности действий и понимания значимости этой работы для экономики страны.

– Что бы вы хотели пожелать коллективу компании, партнерам и клиентам?

– Желаю всем крепкого здоровья, благополучия, уверенности в завтрашнем дне. Пусть ваш ежедневный труд всегда будет востребован и оценен по достоинству, а наше сотрудничество остается надежным, конструктивным и направленным на общий результат. Успехов, стабильности и новых достижений!

– Благодарим Вас за беседу. Уверены, что накопленный опыт, системная подготовка и слаженная работа коллектива позволят АО «Қазтеміртранс» и в предстоящем отопительном сезоне обеспечить надежные и бесперебойные перевозки социально значимых грузов.

Беседовал
Руслан РАХМЕТОВ
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЭФФЕКТИВНОСТЬ – В КАЖДОМ ПОЕЗДЕ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



Развитию железнодорожных перевозок между Казахстаном и Россией и повышению пропускной способности приграничной инфраструктуры была посвящена рабочая встреча представителей транспортных ведомств двух стран, состоявшаяся на межгосударственном пункте перехода Илецк-1, сообщает Министерство транспорта РК.

В переговорах приняли участие руководители железнодорожных администраций Казахстана и России, а также представители пограничных служб.

Стороны отметили устойчивый рост грузового сообщения. В 2025 году между двумя странами по железной дороге перевезено 92 миллиона тонн грузов, что на 3,5% превышает показатель 2024 года. Положительная динамика сохраняется и в текущем году: за январь – июль 2026 года объем перевозок достиг 56,1 миллиона тонн, увеличившись на 4% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Одним из ключевых вопросов стало повышение эффективности работы пункта перехода Илецк-1. В соответствии с Дорожной картой, согласованной железнодорожными администрациями двух государств, здесь реализован ряд мероприятий по увеличению пропускной способности и сокращению времени обработки поездов.

В частности, удлинены приемоотправочные пути, что создает дополнительные возможности для пропуска длинносоставных поездов. Кроме того, в зоне контроля установлено освещение и оборудованы дополнительные рабочие места для более оперативного оформления перевозочных документов.

Участники встречи подчеркнули важность дальнейшей координации действий. Совместная работа будет продолжена по направлениям развития приграничной железнодорожной инфраструктуры, увеличения объемов перевозок и совершенствования работы пунктов перехода. Это позволит эффективнее использовать транзитные возможности двух стран и обеспечить дальнейший рост грузового железнодорожного сообщения.

ОБНОВЛЕНИЕ ДЛЯ НАДЕЖНОСТИ



АО «НК «ҚТЖ» завершены работы по замене четырех ветхих постов электрической централизации на современные модульные посты.



По информации пресс-службы АО «НҚ Қазақстан темір жолы», модульные посты обеспечивают необходимые условия для бесперебойной работы устройств железнодорожной автоматики и связи (ЖАТС), а также позволяют улучшить санитарно-бытовые условия труда работников.

На 2026 год был запланирован монтаж четырех модульных постов электрической централизации. К настоящему моменту план выполнен в полном объеме – заменены все четыре поста: работы выполнены в Шымкентском отделении магистральной сети (НЖС-9), а также в Семейском (НЖС-6), Актюбинском (НЖС-11) и Кызылординском отделениях.

В компании отметили, что реализация проекта способствует повышению надежности работы устройств железнодорожной автоматики и связи, обеспечению безопасности движения поездов и созданию более комфортных условий труда для работников.

Любовь РОВБА

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 18 сентября 2026 года в 10:00 (время Астаны) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Методикой по управлению невостребованными ликвидными и неликвидными товарно-материальными запасами, утвержденной Решением правления АО «НК «ҚТЖ» от 12 июня 2020 года, протокол №02/19, вопрос № 10 (далее – Методика), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на повышение цены выставяются следующее имущество:

№	Наименование	Кол-во, шт.	Начальная стоимость, тенге	Стартовая стоимость, тенге	Гарантийный взнос, тенге
1	СЕДЕЛЬНЫЙ ТЯГАЧ КАМАЗ	1	10 466 667	10 466 667	1 570 000
2	ПОЛПРИЦЕП-КОНТЕЙНЕРОВОЗ ППК ЭРДТ	1	6 020 000	6 020 000	903 000

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на повышение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного

взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, предложивший наиболее высокую цену за имущества и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все

расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

Сположениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Методике и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 87710838734 (АО «KTZ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8-7172-55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

